

**ТӨЛЕН ӘБДІКОВТІҢ «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»  
ПОВЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

**Қамарова Н.С.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг университеті  
Қазақстан, Ақтау қ.  
e-mail: nagbdu@mail.ru

**Атшыбаева Ф.Қ.**

магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг университеті  
Қазақстан, Ақтау қ.  
e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Төлен Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі жаңашылдық сөз болады. Аталмыш шығарма адамзатқа арналған жанайқайға арналған десе де болады. Адамның ішкі әлеміне бойлап, қазіргі заманның өзекті мәселелерін алға тартқан бұл туынды оқыраман қауымның сұранысын қамтамасыз етеді. Шығармадағы авторлық идеялар, тұлғаның екіге айрылуы – психологиялық болмыс, әрі заманды айшықтайтын рухани өлшем.

Бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптарды осы шығармадан таба алатынымыз дәлелденеді. Жалғыздық пен жатсыну, рухани құлдырау мен оны шешу жолы да шығармадан табылады. Автор-оқырман-мәтін трилогиялық концепциясы да сәтті бағыт ретінде танылатындығы дәлелденеді. Қай шығарма болмасын өзіндік ерекшелігімен, қызығымен қатар оқырманға белгілі бір қарсылықпен бірге келуі түсінікті жайт. Оқырман автор ойымен бірде бірігіп, бірде ажырап кетеді. Өз ойын оқырманға анық жеткізіп, оқырманның жанын тебіrentіп, көңілінен шығу – автордың айырықша таланты.

Шығарманың идеялық, әрі стильдік ерекшеліктері осы мақалада ашылады. Қоғамдағы дертті сөзбен емдеген Т.Әбдіков тұлғаның екіге айрылуы, мифтік иллюзия, модернистік әрі постмодернистік ой үлгілері, бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптар, жалғыздық, рухани құлдырау сияқты өзекті мәселелерді көтерген шығарма сәті талданады.

*Түйінді сөздер:* қазіргі қазақ прозасы, Төлен Әбдіков, шеберлік, жаңашылдық, тұлғаның екіге айрылуы, автор-оқырман-мәтін

Жиырманасыншы ғасырдың соңғы жылдары қазақ әдебиетінің даму тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Жаңа тарихи кезең, жаңа қоғамдық дәуір Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылғы атаулы күннен басталды. Еліміз егемендік алған тұста бірқатар саяси- әлеуметтік реформалардың енгізілуі мен қоғамдық сананың өзгеруі бұрыннан қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтардың қайта бағалануымен байланысты.

Бұл тұста қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері жаңаша көзқараспен, яғни ешқандай идеологиясыз, таза әдеби, рухани мұра ретінде зерттелді. Сонымен қатар, жаңа заман лебі ұлттық әдебиет тарихына да жаңа тақырыптар алып келді. Қазіргі қазақ проза ағыны қарқынды дамуымен және сан алуандығымен ерекшелене бастады. Жаңа мазмұндық, пішіндік ізденістерге ұмтылған қаламгерлер ендігі кезекте адамның ішкі әлеміне бойлады. Басты қаһарманның қоршаған ортамен, болмыспен қарым-қатынасын көрсету олардың басты нысанына айналды. Прозалық шығармаларда адамгершілік жады, руханият, инсаният, жалғыздық, жатсыну сынды мәселелер алдыңғы қатарға шықты. [2, 1]

Қазіргі проза контекстінде екі жақты оппозицияға негізделген жалғыздық, жатсыну, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық сынды «мәңгілік» тақырыптар алдыңғы қатарға шығып, олардың драмалық кернеуі ұлғайды. Осыған «Парасат майданы» повесі – бірден бір дәлел. Қазақ әдебиетінің қарымды қаламгері Төлен Әбдіковтің бұл туындысы адамзатқа арналған жанайқайы. Адамның ішкі әлеміне бойлап, қазіргі заманның өзекті мәселелерін алға тартқан бұл туынды оқыраман қауымның сұранысын қамтамасыз етеді.

«Өмірдің мәні неде?». «Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен қатігездік сынды ұғымдар бір-біріне қарама-қарсы ма, жоқ әлде сабақтас, өзектес құбылыс па?» деген секілді сұрақтар бәлкім әрбір адамның санасынан өтеді, бірақ әрбір адам оған жауап таба бермейді. Асылында, осындай сұрақтарға бүкіл адамзатты қанағаттандырырлықтай жауап табу бек мүмкін бе? Адам заты – тілсіз тас, жансыз пұт емес, керісінше бұлақ іспетті, әрдайым өзгеріс үстінде болатын жеке дара динамикалық құбылыс. Сондықтан, осындай сұрақтарды ой желісінен өткізіп, ішкі әлемінің ұңғыл-шұңғылына үңгілгенде, адам ойы да өзіндік парасат майданына айналуы ғажап емес.

Қазіргі қазақ повесінің үздік мысалы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» атты шығарманың идеялық, әрі стильдік ерекшеліктерін зерттеп, ашып көрсету – бұл жұмыстың басты мақсаты. Талдау шығармадағы авторлық идеялар (тұлғаның екіге айрылуы, мифтік иллюзия, модернистік әрі постмодернистік ой үлгілері, бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптар, жалғыздық, рухани құлдырау) мен автор-оқырман-көркем мәтін трилогиялық концепциясы сияқты бағыттар бойынша жүргізіледі.

Басты кейіпкердің аты-жөні, жасы, алдыңғы өмірі шығарманың басында қалай белгісіз болса, соңында да беймәлім болып қалады. Бұл адамның күнделігі ретінде жазылған шығарманың сюжет желісі алғашқы беттерден-ақ оқырманды баурап алады. Бәлкім басты назардың жеке дара детальдарға ауып кетпеуі үшін, повесінің баяндалуы бірінші жақтан, яғни емханада жатқан кейіпкердің атынан жүргізіледі. Көбінесе үшінші жақтан баяндалып, кейіпкерлердің ойлары монолог ретінде жеткізілген классикалық қазақ прозасына қарағанда, бұл шығарма стильдік тұрғыдан алғашынан-ақ ерекшеленеді.

Басты қаһарман адамзаттың жан түршігерлік рухани құлдырауына үңіліп, жаратылысымызға ізгі, әрі таза деген сезімдер жайлы ойларын күнделік беттеріне түсіреді. Қалың ойдың шырмауына түскен кезде бейтаныс біреу оның күнделігін оқиды. Алайда, оқып қана қоймай, басты кейіпкерге кенеттен оның пайымдауына жат, ақыл-ойдың азаттығын, рухани шексіз бостандықты дәріптеген «бейтаныс құрбы» жауап жазады. Хат арқылы жеткізген жауабында мейірімділік, ізгілік, сыйластық атаулыны жоққа шығарып, тығырыққа тірейді. Бұл – санадағы соғыс майданының басталуы.

Кейіннен белгілі болғандай, басты кейіпкер – «тұлғаның екіге жарылуы» сынды психикалық аурудың құрбаны. Медицина тілінде «тұлғаның екіге бөлінуі» деп білінетін құбылыс әдебиеттануда «адам ішіндегі адам» сынды тәсіл арқылы көрініс табады. Дәлірек айтқанда, «күнделік иесі» мен оның хат арқылы диалог құрған «бейтаныс құрбысы» шынтуайтында бір тұлға болып шығады. Осындай мифтік иллюзия – бұл шығарманың тың жаңалығы.

Бұл психологиялық құбылыс автордың 2002 жылы шыққан «Парасат майданы» повесімен қатар 1970 жылдары жазылған «Оң қол» шығармасында да пайдаланылған. Екі шығарманың сәйкестігін сөз етіп, автордың шығармашылығы туралы оң бағасын беріп, Г.Орда да мынадай пікір қалдырған екен: ...«Оң қол» әңгімесі алпысыншы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы болса, соңғы жазылған «Парасат майданының» өзі де соның заңды жалғасы ретінде көрініп отыр. Т.Әбдікұлы шығармалары оқырман қауымын оятып, тың ой салып, шығармашылық сүйсіндіргені анық». [4] Екі түрлі ойдың бір майданда қақтығысуы – жазушының бізге тарту еткен идеялық ерекшелік.

Т.Әбдіков бұл туындысын негізінен өмір ағысының тереңіне үңіліп, ондағы шындықты философияның қыр-сырларымен баяндайды. Адам тағдыры қоғамдағы жағдайлардың көрінісін бейнелейді. Сондықтан, кейіпкердің күйзелісі психологиялық болмыс қана емес, заманды айшықтайтын рухани өлшем ретінде сипатталады.

Қазіргі көркем проза контекстінде бинарлық оппозицияларға құрылған «мәңгілік» тақырыптар алдыңғы қатарға шықты. Латын тілінен аударғанда “binarius”- қос дегенді білдіреді. Бинарлық оппозиция қоршаған әлемді алдымен физиологиялық себептермен екіжақты тану, яғни әртүрлі қызмет атқаратын қос жарты шарлардан тұратын адам миы, екі көз, екі құлақ сынды болмыстармен айқындалады. Сонымен қатар, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, жауыздық пен мейірімділік, бақыт пен бақытсыздық сияқты әрдайым өзекті, «мәңгілік» тақырыптар арқылы әлем суретін сипаттағанда бинарлық оппозиция – ұтымды танымдық құрал [7, 72]. Берілген шығарма да бұл концепция негізінде өрбиді.

Тұлғаның екіге бөлінуі негізінде модернистік әрі постмодернистік ойлардың үлгілері ұсынылады. Санадағы соғыс майданында бір жақ руханият пен инсанияттың ізгілігін жақтаса, екінші жақ бұрыннан қалыптасқан құрылымдық пайымдауларға қарсы шығып, күдіктену позициясын ұстанады. Бір жақ Сократ, Периандр Коринфский, Достоевский сынды атақты философтардың ар-ұят, адамгершілік, нәпсінің тізгінінде кету жайындығы цитаталарын, қанатты сөздерін қолданса, екінші жақ Ф.Ницше, Акутагава Рюнеско, Ш. Бодлердің “тек рухани шексіз бостандық қана адамзатты бақытты ете алады” деген ойын негізге алып, жақсылық пен жамандықтың салыстырмалы түсінік екенін көрсетеді. Осындай “мәңгілік” тақырыптардың бірі, әрі басты қаһарман үшін орны ерекше жалғыздық пен жатсыну мәселесіне төменде тереңірек талқыланатын болады.

Сюжет желісі көбінесе басты кейіпкердің ауруханадағы өзінің бөлмесінде орын алады. Ем алу мақсатында басқа палаталарға, өзге бөлмелерге баруы болмаса, басты кейіпкердің далаға шығып серуендеуі суреттелмейді, яғни табиғатпен байланысы шектеулі. Асылында, бұның астарында да үлкен мән жатыр. Себебін түсіну үшін шығармадағы мына үзіндіні қарастырайық: «...Төңіректе болып жатқан оқиғалардың әсері жоқ – күннің нұрын, табиғат көркін, көктемнің жұпар самалын бұрынғыдай сезбейтін секілдімін. Бәлкім, өзімнің ішкі әлеміме көп үңілгеннен болар» [1, 4]. Шынымен, өмірдің тылсым сырына терең үңілген жанның жалғыздыққа бой алдыруы бек мүмкін. Осыдан байқайтынымыз Т.Әбдіковтің повесінде табиғат пен адам көңілінің арасындағы байланыс, яғни әдебиетте жиі кездесетін психологиялық параллелизм қолданылмаған.

Жалғыздықты ғалам кеңістігіндегі өз бойына бәрін сорып алатын құрдымға, қара тесікке ұқсатады. Бұл өте дәл теңеу. Себебі, жалғыздық та қара тесік іспетті адам бойындағы бар күш-қуатты, үміт пен жігерді, сәуле мен сенімді жұтып алатын алапат құбылыс. Осындай жалғыздықтан зардап шеккен басты кейіпкер оның азапты ойларын қабыл алуға дайын болған дәрігер қызды кездестіреді. Дегенмен басты қаһарман ой азабынан құтылуға толыққанды дайын болмағандықтан оған да ашыла алмады. Ендігі кезекте оның жалғыз серігі – ойдан шығарылған бейтаныс құрбысы. Бұдан күнделік иесінің бойындағы жатсыну байқалады. Күнделіктің бірінші көкектен бастап “Эдуард Мунктің «Айқай картинасы» деп аталуы да бекер емес шығар. Өйткені, картинада да жалғыздық пен жатсынудан шыққан жанайқай бейнеленген іспетті.

Шығармада көтерілетін өзекті проблема бұл – адамзаттың рухани құлдырауға ұшырауы.

“Өзінің анасын зорлаған немесе өлтірген...

Өзінің балиғаға толмаған қызын зорлаған не өлтірген...

Сәбиін өлтіріп, қоқысқа тастаған келіншек...

Өз ұлына тұрмысқа шыққан миллионер әйел...

Адам етін жеген маньяктар...

Еркекке үйленген еркектер... ”[1, 4] сияқты шығармада көрсетілген жан түршігерлік рухани күйзелудің нышандары – қазіргі қоғам індетінің айқын көрінісі. Бұдан сорапылы, әрі қорқыныштысы – адамдардың еттері осыған тітіркенбестен үйреніп кетуі.

Бұл алапат зұлымдықтың түп-тамыры шығармада былай баяндалады: “Ядролық қатер немесе космос апаты әшейін аңыз ғана. Адам құрыса шегіне жеткен рухани азғындықтан ғана құриды. Ал сонда рухани күйреудің басты себебі не? Меніңше, әуелде

жан иесінің тіршілігіне тұтқа болып басталған, одан шегіне шыға шарықтап, енді парасатты өмір тұсында аяққа тұсау болып отырған Өзімшілдік ауруы. Оның ұраны – “Мен” [1, 22]. Осылайша “менменшілік” – адамдардың рухани түлеп, биікке көтерілуіне басты кедергі болып, астамшылдық, қатыгездік, қызғаншақтық, күншілдік, ақшақұмарлық, атаққұмарлық тәрізді кесепат қасиеттердің белең алуына бірден-бір себеп.

Рухани құлдыраудың басты себебін көрсетумен қатар, оның шешу жолын да автор шығармасында меңзеп кетпей қоймады: “Егер бүкіл “Мендер” қосылып парасатты “Бізге” айналса, адамгершілік қағидаларын іске асыру, әрине, әлеқайда жеңілдер еді.” [1, 23] Парасатты “Бізге” айналу тек қара басының қамын ойламай, өзгелердің де мүддесін жоғары қою арқылы адамның рухани жанаруына алып келуі бек мүмкін. Бұл шығарма арқылы автор адамдарды жөндеудің жолын айқыштап, адамның адам боп қалу тәсілдері қашан да болса өзекті екендігін дәлелдейді.

Қай шығарма болмасын өзіндік ерекшелігімен, қызығымен қатар оқырманға белгілі бір қарсылықпен бірге келуі түсінікті жайт. Оқырман автор ойымен бірде бірігіп, бірде ажырап кетеді. Өз ойын оқырманға анық жеткізіп, оқырманның жанын тебіренітіп, көңілінен шығу – автордың айырықша таланты. Жазушының шығармадағы позициясын төменгі жолдармен сипаттауға болады: «Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды, екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды.» [5, 407] Бұдан автор, оқырман, әрі көркем мәтін арасындағы байланысты көре аламыз. Т.Әбдіковтің “Парасат майданы” повесі де осындай трилогиялық концепциясының бірден-бір айқын көрінісі.

Т.Әбдіковтің оқырманға өз ойын жеткізе білуі Ә.Кекілбай, Ә. Нұрпейісов сынды әдебиеттің белгілі тұлғаларың критикалық көзқарасымен аңғарылады. Мәселен Ә.Кекілбайдың повеске берілген оқырман пікірі: “«Парасат майданы» қайталап айта беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая. Оны оқып отырып, ойын оң саққа жүгіртіп, ойланасың, тебіренесің. Ойлаған сайын ойсырап, құлазып, тебіренген сайын теңселе күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы».” [3, 56] Бұдан оқырманның қатты әсер алғандығы білінеді. Ә. Нұрпейісов болса: «Ағымнан жарылып айтайын, өткен жылы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесін оқып шығып ай бойы әлде бір сиқырлы әлемге арбалғандай күйде жүрдім. «Қазақ әдебиеті тіршілігін тоқтатты деп кім айтты? Жоқ, ол тірі, мұндай ғажап туындыны дүниеге әкелген әдебиет өмір сүре береді» деген жүрекжарды лебізімді дүркін-дүркін қайталаумен болғаным есімде қалыпты», - деп, шығармаға оң баға беріп қана қоймай, қаламгердің айырықша стилін тілге тиек етті. [6, 34].

Т.Әбдікұлы шығармашылығы жайлы Г.Орда да төмендегідей баға берген: “Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы әдебиет, ол – адамның жан дүниесіне үңіліп, талдау жасау жағынан ерекшеленетін. Төлен ағамызды шығармашылығы адам бойындағы ерекше құбылыстарға және сонымен бірге психологиялық талдау жасау арқылы оқырманға, замандастарына үлкен ой салған, жекелеген кейіпкерлердің өмірлері арқылы үлкен философиялық ойларға жетелеген қаламгер қатарына жатқызуға болады.”[4] Бұл туындыда айырықша, әрі өзекті тақырыптар қозғалатындықтан, оқырманның Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіне қайтып келетіні ықтимал. Сондықтан да автордың оқырманды басты қаһарманмен бірге қуантып, бірге жылатып оқытатын туындысы автор -оқырман- мәтін үштігімен көркем айқындалады.

Жаңа тарихи кезең, жаңа қоғамдық дәуір қазақ әдебиетінің дамуына да жаңа заман лебін әкелген. Осы тұста қарқынды дамуымен және сан алуандығымен ерекшелене бастаған қазіргі қазақ прозасында да жаңа тақырыптар көтерілді. Қазіргі қазақ повесінің үздік мысалы Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» атты туындысы осыны барынша айшықтайды.

У.Шекспирдің Гамлет монологінің үзіндісі «Парасат майданы» повесінің эпиграфы болып алынған. Т.Әбдіковтің бұл айырықша туындысы «күнделік иесі» мен оның «бейтаныс құрбысы» арасындағы психология мен өмір философиясы жайындағы сұрақ-жауаптардан құралғандығы таңдалған эпиграфтың шым-шытырық өмір туралы болуын

айшықтайды. Алайда, эпиграф шығарманы ашып тұрудың орнына, керісінше жалғастырып тұрған іспетті. Повесть соңының жауабы Роберт Пенн Уореннің «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, үйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ» деген сөздерінде тұрған сияқты.

Шығарманың идеялық, әрі стильдік ерекшеліктері зерттеліп, жұмыс барысында ашылып көрсетілді. Талдау шығармадағы авторлық идеялар мен автор-оқырман-көркем мәтін трилогиялық концепциясы сынды бағыттар бойынша жүргізілген. Қоғамдағы дертті сөзбен емдеген Т.Әбдіков тұлғаның екіге айрылуы, мифтік иллюзия, модернистік әрі постмодернистік ой үлгілері, бинарлық оппозицияларға негізделген «мәңгілік» тақырыптар, жалғыздық, рухани құлдырау сияқты өзекті мәселелерді көтерген.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. <https://abai.kz/post/10905>
2. <http://ramazanuli.blogcn.com/>
3. Трубецкой Н. С. Классификация оппозиций / Основы фонологии / пер. с нем. А. А. Холодовича. – М.: Аспект Пресс, 2000. – С. 72-88
4. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. Abai.kz сайт
5. Оразбек М. Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы. Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 2007. – 86 б.
6. Мауленов А.А. Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі модернистік бағыттағы көркемдік ерекшеліктер. Қазақстанның ғылыми әлемі, 2010. №5 (33).
7. Нұрпейісов Ә. Қаламгер дидары. Алматы: Жалын, 2003. № 1.

## НОВАТОРСТВО В ПОВЕСТИ ТОЛЕНА АБДИКОВА «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»

*Камарова Н.С.* - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: [nagbdu@mail.ru](mailto:nagbdu@mail.ru).

*Атишыбаева Ф.К.* - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: [Fatshybayeva@mail.ru](mailto:Fatshybayeva@mail.ru).

*Аннотация.* В этой статье речь пойдет о новаторстве в повести выдающегося писателя казахской литературы Толена Абдикова «Парасат майданы». Можно сказать, что данное сочинение на крик душа. Это произведение, проникающее во внутренний мир человека и выдвигающее актуальные проблемы современности, обеспечивает востребованность читательской аудитории. Авторские идеи в произведении, разделение личности на две части – это психологическое бытие, духовное измерение, отражающее современность.

Доказано, что «вечные» темы, основанные на бинарных оппозициях, мы можем найти в этом произведении. - Я не хочу, чтобы ты знала, что я хочу, чтобы ты знала, что я хочу, чтобы ты знала, что я хочу, чтобы ты знала, что я хочу. Доказывается, что трилогическая концепция автор-читатель-текст также признана удачным направлением. Понятно, что какое бы произведение ни было, оно должно сопровождаться оригинальностью, любопытством и определенным сопротивлением читателю. Читатель однажды сливается с мыслью автора и однажды разъединяется. Это особый талант автора – четко донести свою мысль до читателя, поразить и порадовать его душу.

Идейные и стилевые особенности произведения раскрываются в данной статье. Анализируется момент произведения, в котором Т.Абдиков поднял такие актуальные вопросы, как разделение личности на две части, мифические иллюзии, модели модернистской и постмодернистской мысли, «вечные» темы, основанные на бинарных оппозициях, одиночество, духовный спад.

*Ключевые слова:* современная казахская проза, Толен Абдиков, мастерство, новаторство, разделение личности на две части, автор-читатель-текст.

## **INNOVATION IN THE STORY OF TOLEN ABDIKOV "PARASAT MAIDANY"**

*Kamarova N.S.* – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: [nagbdu@mail.ru](mailto:nagbdu@mail.ru).

*Atchybaeva F.K.* – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: [Fatshybayeva@mail.ru](mailto:Fatshybayeva@mail.ru).

*Abstract.* This article will focus on innovation in the story of the outstanding writer of Kazakh literature Tolen Abdikov "Parasat of the Maidan". We can say that this composition is for the cry of the soul. This work, penetrating into the inner world of a person and putting forward urgent problems of our time, provides a demand for the readership. The author's ideas in the work, the division of personality into two parts - this is a psychological being, a spiritual dimension that reflects modernity.

It is proved that "eternal" themes based on binary oppositions can be found in this work. "I don't want you to know that I want you to know that I want you to know that I want you to know what I want. It is proved that the trilogical concept of author-reader-text is also recognized as a good direction. It is clear that whatever work may be, it must be accompanied by originality, curiosity and a certain resistance to the reader. The reader once merges with the author's thought and once disconnects. This is a special talent of the author - to clearly convey his idea to the reader, to amaze and please his soul.

Ideological and stylistic features of the work are revealed in this article. The moment of the work is analyzed, in which T. Abdikov raised such topical issues as the division of personality into two parts, mythical illusions, models of modernist and postmodernist thought, "eternal" themes based on binary oppositions, loneliness, spiritual decline.

*Keywords:* modern Kazakh prose, Tolen Abdikov, skill, innovation, dividing the personality into two parts, author-reader-text

